

## Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 347 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 мамырда № 11079 тіркелді

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

- 1) «Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) «Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға рұқсат беру» осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;
- 3) «Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру» осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;
- 4) «Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру» осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;
- 5) «Тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына лицензия беру» осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сауда қызметін реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

- 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Е.Досаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
\_\_\_\_\_ Ә.Исекешев

2015 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 347 бұйрығына  
1-қосымша

# «Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы немесе [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:

лицензия беру 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

лицензияның телнұсқасын беру 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

қажетті құжаттарды тапсыру кезіндегі кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.06.2016 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсету нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызмет алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін нәтижесі электрондық форматта ресімделген, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен және басшысының қолымен расталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырғанға дейін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен көрсетілетін қызметті алушының тұрған жерінде:

1) лицензия беру үшін – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) лицензияның телнұсқасы үшін – 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі лицензиялық алым бюджетке төленеді.

Лицензия алуға портал арқылы электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭУТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем алдын ала төленген жағдайда, төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда жұмыстың белгіленген кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады;

2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Лицензия алу үшін:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

тұлғаны куәландыратын құжат (тұлғаны идентификациялау үшін қажет);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1- немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1- немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына өтініштің электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі, оған қосымшалар және (немесе) толықтырулар (біржолғы лицензия үшін), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың көшірмесі;

лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның көшірмесі немесе егер қызметтің мұндай түрі оған қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның болуы туралы мәліметтер (егер бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

лицензиялық алымның ЭУТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1- немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына электрондық құжат нысанындағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1- немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтініштің электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі, қосымшалары және (немесе) оған толықтырулар (біржолғы лицензия үшін), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған

жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі;

лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның электрондық көшірмесі немесе егер қызметтің мұндай түрі оған қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензияның болуы туралы мәліметтер (егер бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер алдын берілген лицензия қағаз жүзінде берілген болса):

1) Мемлекеттік корпорацияға:

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны жоғалтудың себептері мен мән-жайлары түсіндірілетін еркін нысандағы жазбаша өтініші;

лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны жоғалтудың себептері мен мән-жайлары көрсетілген электрондық өтініші;

лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Ақпараттық жүйеден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыдан талап етуге жол берілмейді.

Тұлғаны куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларда) мәліметтерді « электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алуші ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен расталады, немесе құжаттар көшірмесі тигулі және көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен расталады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру жеке куәлік көрсеткен кезде (немесе оның өкілі сенімхат негізінде) оның қызметкерімен қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы белгіленген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне жүгінбесе Мемлекеттік корпорация оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін қызмет берушіге одан әрі сақтау үшін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушыға, портал арқылы жүгінген жағдайда, «жеке кабинетте» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 ( 01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің болуы;

2) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен бекітілген Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар және рұқсаттар беру қағидаларының 10 – 12-тармақтарында көзделген талаптардың сақталмауы;

3) лицензия беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттар қолданысының тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы;

4) оны іске асыру үшін лицензия сұралатын шартты (келісімшартты) орындау салдарынан туындауы мүмкін мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы;

5) квотаның, сондай-ақ тарифтік квотаның бітуі не олардың болмауы (квоталанатын тауарларға лицензия ресімделген жағдайда);

6) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздеме болады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.**

**Ескерту. 3-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не мына мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс, 8 (7172) 74-28-09 телефоны, 8 (7172) 74-31-48 факсі көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда немесе электрондық түрде көрсетілетін қызметті алушының басшысының блогында немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына тікелей жүгіну жолымен жолданады.

Қолма-қол, сол сияқты поштамен түскен шағымды Мемлекеттік корпорацияның қабылдағанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның – тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның

атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар**

**Ескерту. 4-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

13. Денсаулығы бұзылатын тұрақты ағза функцияларын бұзатын оның өмірлік іс-әрекеті шектелген қызмет алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдау қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкерімен тұрғын-жайына шығу Бірыңғай контакт-центр 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің: [www.ecoportal.gov.kz](http://www.ecoportal.gov.kz);

Мемлекеттік корпорацияның: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы бар болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының, көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы порталдың «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметінің байланыс телефоны мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

#### **Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия беру туралы өтініш**

1. № өтініш	2. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ дан бастап КК.АА.ЖЖЖЖ қоса алғанда

3. Лицензияның типі   ЭКСПОРТ	4. № КК.АА.ЖЖЖЖ келісімшарт	
5. Өтініш беруші	6. Сатып алушы	
7. Жөнелту елі	8. Сатып алушының елі	
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14. Өлшем бірлігі
15. СЭҚ БТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Лицензия беру үшін негіздеме	18. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Т.А.Ә. Лауазымы Телефоны Қолы және мөрі Күні	

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін \_\_\_\_\_ 20\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ (қолы)

Ескертпе. Жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына лицензия беру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне қосымшаға қатаң сәйкестікте толтырады.

«Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

### Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру туралы өтініш

1. № өтініш	2. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ дан бастап КК.АА.ЖЖЖЖ қоса алғанда	
3. Лицензияның типі   ИМПОРТ	4. № КК.АА.ЖЖЖЖ келісімшарт	
5. Өтініш беруші	6. Сатушы	
7. Жөнелту елі	8. Сатушының елі	
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14. Өлшем бірлігі
15. СЭҚ БТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Лицензия беру үшін негіздеме	18. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Т.А.Ә.	

Лауазымы  
Телефоны  
Қолы және мөрі күні

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ (қолы)

Ескертпе. Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына лицензия беру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне қосымшаға қатаң сәйкестікте толтырады.

«Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә не көрсетілетін қызметті алушының атауы)

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № \_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету керек) мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсету керек) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атаулары:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә \_\_\_\_\_

Телефоны: \_\_\_\_\_



Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә / қолы \_\_\_\_\_  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 21 сәуір  
№ 347 бұйрығына  
2-қосымша

## **«Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Рұқсат жобаларын қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы немесе [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға жүгінген кезде:

рұқсат беру 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

рұқсаттың телнұсқасын беру 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жекелеген тауар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға берілетін рұқсат.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсету нысаны: электрондық, қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызмет алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда электрондық форматта ресімделген, көрсетілген қызмет нәтижесі басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен және басшысының қолымен расталады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес

демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Рұқсат жобасын қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға нәтижелерді ұсыну дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Дайын рұқсатты қатан үлгідегі бланкте беру алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібінде жүзеге асырылады;

2) портал – құжаттарды қабылдау жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар:

рұқсат алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті берушіге – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес ресімделген жекелеген тауарлар түрлерін экспортқа және (немесе) импортқа рұқсат жобасы;

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті ұсыну үшін рұқсат жобасын алуға қолхат береді.

2) порталға – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес ресімделген жекелеген тауарлар түрлерін экспортқа және (немесе) импортқа рұқсат жобасының электрондық көшірмесі бар сұраным.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну үшін рұқсат беру жобасының қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Рұқсат телнұсқасын алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті алушының еркін нысандағы лицензияны жоғалтуының себептері мен мән-жайлары түсіндірілген жазбаша өтініші;

2) порталға – лицензияны жоғалтуының себептері мен мән-жайлары көрсетілген электрондық сұраным.

Осы тармақтың 1 немесе 2-қосымшасына сәйкес ресімделген мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушымен көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған жекелеген тауарлар түрлерін экспортқа және (немесе) импортқа рұқсат жобасында деректердің анық еместігі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.06.2016 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не мына мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс, 8 (7172) 74-28-09 телефоны, 8 (7172) 74-31-48 факсі көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына беріледі.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда немесе электрондық түрде көрсетілетін қызметті алушының басшысының блогында немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі

және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### **4. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар**

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жердің мекенжайы: көрсетілетін қызметті берушінің [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде ЭЦҚ-ның болуы талап етіледі.

14. Көрсетілетін қызметті алушының, көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы порталдың «жеке кабинеті» қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметінің байланыс телефоны мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

#### **Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына берілетін рұқсат жобасы**

Уәкілетті орган	
1. № рұқсат	2. Қолданылу кезеңі ЖЖЖ.КК.АА-дан бастап ЖЖЖ.КК.АА. қоса алғанға
3. Рұқсаттың типі ЭКСПОРТ	4. дейін № келісімшарт

5. Өтініш беруші	6. Сатып алушы	
7. Шығарылған елі	8. Сатып алушы елі	
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14.Өлшем бірлігі
15. Тауардың СЭҚ БТН бойынша коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Т.А.Ә. Лауазымы Телефон Қолы және мөр күні	18. Уәкілетті адам Т.А.Ә. Лауазымы Қолы және мөр Күні	

Ескертпе. Жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына лицензия беру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне қосымшаға қатаң сәйкестікте толтырады.

«Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

### Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына берілетін рұқсат жобасы

Уәкілетті орган		
1. № рұқсат	2. Қолданылу кезеңі ЖЖЖ.КК.АА–дан бастап ЖЖЖ.КК.АА. қоса алғанға дейін	
3. Рұқсаттың типі   ИМПОРТ	4. дейін № келісімшарт	
5. Өтініш беруші	6. Сатушы	
7. Жөнелту елі	8. Сатушының елі	
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14.Өлшем бірлігі
15. Тауардың СЭҚ БТН бойынша коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Т.А.Ә. лауазымы телефон Қолы және мөр күні	18. Уәкілетті адам Т.А.Ә. Лауазымы Қолы және мөр Күні	

Ескертпе. Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына лицензия беру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешіміне қосымшаға қатаң сәйкестікте толтырады.

«Тауарлардың жекелеген түрлерінің  
Қазақстан Республикасының  
аумағына экспортына және (немесе)  
импортына рұқсат беру» мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет стандартына  
3-қосымша

## РҰҚСАТ ЖОБАСЫН АЛУҒА ҚОЛХАТ

Осы қолхат \_\_\_\_\_ ЖК № \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

ҚР ҰЭМ атынан, \_\_\_\_\_ рұқсатты беру үшін лицензиарға ұсынылған келесі құжаттарды:  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1- немесе 2-қосымшасына сәйкес бір данада  
қағаз жеткізгіште рәсімделетін рұқсат жобасын және Еуразиялық экономикалық комиссия бекіткен  
форматтағы ал ол оны бекіткенге дейін – мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындағы тәртіппен  
форматтағы рұқсат жобасының электрондық көшірмесін қабылдағанын растау үшін берілді.

Рұқсатты беру мерзімі (3 жұмыс күні) 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_  
(қолы)

Күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескертпе: ҚР Қылмыстық кодексінің 367 бабынан үзінді  
«Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға  
немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет  
мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара  
беру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір  
қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенген сомасы  
мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 21 сәуір  
№ 347 бұйрығының  
3-қосымша

«Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу  
құқығына лицензия беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы немесе [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:

лицензия беру 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

лицензияның қайта ресімдеу 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқасын беру 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен және басшысының қолымен расталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес лицензиялық алым көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен көрсетілетін қызметті алушының тұрған жерінде:

- 1) лицензия беру үшін – 5 айлық есептік көрсеткіш;
- 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткіш;
- 3) лицензияның телнұсқасын беру – лицензияны беру кезінде мөлшерлемеден 100% бюджетке төленеді.

Лицензия алуға портал арқылы электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем «электрондық үкімет» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭУТШ) арқылы жүзеге асырылады. Төлем алдын ала төленген жағдайда, төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

#### 8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанға дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек күту тәртібімен көрсетіледі, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдауға болады;

2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 29 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметтерді алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

#### 1) Мемлекеттік корпорацияға:

лицензияны алу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

